

БЕКІТІЛДІ

«Ертіс» ӘКК» АҚ Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «3» тамыздағы №21 шешімімен

**«Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының
«Активтерді басқарушы компаниясы» филиалы туралы
ЕРЕЖЕ**

Өскемен қаласы, 2026 жыл

1. Жалпы ережелер және заңдық мәртебесі

1. «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының «Активтерді басқарушы компаниясы» филиалы (бұдан әрі – Филиал) «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жерінен тыс тұрған, заңды тұлға мәртебесі жоқ, активтерді басқаруға жауапты және Қоғам функцияларының бір бөлігін жүзеге асыратын, осы Ереже негізінде Қоғамның атынан және оның мүддесінде әрекет ететін оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

2. Осы Филиал туралы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және оның атауын, орналасқан жерін, өкілеттіктерін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

3. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде – Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Ертіс».

4. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070000, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 59/1.

5. Қоғамның мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер: Қоғам 2011 жылғы 16 маусымда Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде тіркелген, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 22343-1917 – АҚ, БСН 110640012780, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2018 жылғы 25 тамызда берілген.

6. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) инвестициялық және инновациялық жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік, концессия және кластерлік бастама негізінде іске асыру (ЭҚЖЖ коды 84.13.0);

2) мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру (ЭҚЖЖ коды 84.13.0);

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру (ЭҚЖЖ коды 84.13.0);

4) басқа топтамаларға енгізілмеген несиелендірудің өзге де түрлері:
– ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын инвестициялық мақсаттарға, айналым қаражатын толықтыруға және қайта өңдеуге несиелеу (кіші саланы көрсетпей) (ЭҚЖЖ 64.92.9);

5) холдингтік компаниялардың қызметі (ЭҚЖЖ коды 64.20.0);

6) коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру (ЭҚЖЖ коды 70.22.1).

7. Филиалдың толық атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының «Активтерді басқарушы компаниясы» филиалы;

2) орыс тілінде – филиал акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Ертіс» – «Управляющая компания активами».

8. Филиалдың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070509, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Фрунзенский ауылдық округі, Винное ауылы, 086 есептік орам, 5-құрылыс.

9. Филиал қызметінің негізгі түрлері:

1) инвестициялық және инновациялық жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік, концессия және кластерлік бастама негізінде іске асыру (ЭҚЖЖ коды 84.13.0);

2) мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру (ЭҚЖЖ коды 84.13.0);

3) коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру (ЭҚЖЖ коды 70.22.1).

10. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензия немесе рұқсаттың өзге түрін алуды талап ететін қызмет түрлерін Филиал Қоғам тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге де түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

11. Филиал өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

12. Филиал Қоғамның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық әрекеттер жасайды. Филиал жеке банктік шоттар ашпайды.

13. Филиалдың өз атауы және Қоғамның атауы көрсетілген мөрі, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық фирмалық атауы көрсетілген фирмалық бланкілері болады.

14. Филиал басшысы Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген жұмысқа қабылдау тәртібі сақтала отырып, Қоғам Басқармасының Төрағасы тарапынан тағайындалады және Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

15. Филиалдың қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. Мақсаты, міндеттері, функциялары

16. Филиал қызметінің негізгі мақсаты – Қоғам активтерінің құнын ұлғайту, кірістілікті арттыру және тәуекелдерді төмендету мақсатында оларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету.

17. Филиалдың негізгі міндеттері:

1) Қоғам активтерін басқару саясатын қалыптастыру және іске асыру;

2) экономикалық орындылығын және Қоғам қызметінің нәтижелеріне ықпалын бағалай отырып, меншікті қаражат есебінен де, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде де активтер мен капитал құрылымын қалыптастыру;

3) пайда алуға және шығындар мен жоғалтуларды барынша азайтуға бағытталған Қоғамның, еншілес және тәуелді ұйымдардың активтерін, оның ішінде оларды сатып алу, пайдалану, дамыту және иеліктен шығару (сату) кезінде тиімді басқаруды қамтамасыз ету;

- 4) Қоғам активтерінің құрылымын есепке алу, талдау және оңтайландыру;
- 5) мүліктік және қаржылық активтерді пайдалану тиімділігін бақылау;
- 6) активтерді қайта құрылымдау, өткізу, жекешелендіру және тарату жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 7) активтерді басқару мәселелері бойынша талдамалық материалдар мен есептілікті дайындау;
- 8) бизнесті дамыту аймақтарының, оның ішінде арнайы экономикалық, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтардың инфрақұрылымын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы инвестициялық жобаларды тартуға және іске асыруға жәрдемдесу;
- 9) активтердің нарықтық құнына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.

18. Филиал мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) активтерді иеленудің, пайдаланудың және оларға билік етудің экономикалық тиімділігіне талдау жүргізу;
- 2) күтілетін кірістілікті, өтелу мерзімін және шығыстар мен тәуекелдерге ықпалын (залалдар, активтердің бос тұрып қалуы және т.б.) ескере отырып, активтерді пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 3) активтердің (жылжымайтын мүлік, жабдықтар, үлестер, акциялар және т.б.) нарықтық құнын тәуелсіз бағалауды ұйымдастыру;
- 4) активтерді сату, уақытша пайдалануға беру және оларға билік етудің өзге де түрлері бойынша мәмілелерді дайындауға және іске асыруға қатысу;
- 5) активтердің нысаналы және тиімді пайдаланылуына мониторинг және бақылау жүргізу, оның ішінде пайдаланылмайтын, кірістілігі төмен немесе залалды активтерді анықтау, оларды оңтайландыру, жалға беру, сату немесе айналымға өзге де жолмен тарту жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 6) Қоғам активтерін пайдалану бөлігінде контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындауын бақылау;
- 7) өтімділігі төмен, артық, пайдаланылмайтын және бейінді емес активтерді басқару жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 8) қаржы-экономикалық негіздеме көрсеткіштеріне сәйкес активтерді басқару және мониторинг жүргізу;
- 9) активтерді басқару жөнінде талдамалық есептер, болжамдар, ұсыныстар мен анықтамалар дайындау;
- 10) бірлескен кәсіпорындардың жер қойнауын пайдалану келісімшарттары мен жұмыс бағдарламаларын орындауына мониторинг жүргізу;
- 11) активтерді сатып алу, басқару және иеліктен шығару жөніндегі операциялардың экономикалық тиімділігін талдау, активтерді ұстауға жұмсалатын шығындарды (коммуналдық төлемдер, пайдалану шығыстары және т.б.) азайту және кірістілікті арттыру жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 12) Қоғам активтерін жекешелендіру жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 13) бизнесті дамыту аймақтарын, оның ішінде арнайы экономикалық, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтарды, көлік-логистикалық

орталықтарды, хабтарды және «құрғақ порттарды» құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

14) шағын өнеркәсіптік аймақ құру туралы өтінішті ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы тұрғысынан қарау және мәлімделген шағын өнеркәсіптік аймақты құрудың орындылығына талдау жүргізу;

15) арнайы экономикалық, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтардың жұмыс істеуі мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

16) индустриялық аймақ қатысушыларына жер учаскелерін және инфрақұрылым объектілерін уақытша пайдалануға беру;

17) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасасу және бұзу;

18) индустриялық аймақтар қатысушыларының тоқсан сайынғы есептері негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына индустриялық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті ұсыну;

19) индустриялық аймақтар қатысушыларына қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорацияның «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуі және өзге де ұйымдардың қызмет көрсетуі үшін қабылдау орнын ұйымдастыру;

20) қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу;

21) индустриялық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

22) индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерін және қатысушыларын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілерінің және қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

23) индустриялық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

24) шағын өнеркәсіптік аймақта өңдеу өнеркәсібіндегі салалық бағытқа байланысты әлеуетті резиденттерді орналастырудың сегменттелген схемаларын жасау;

25) құрылып жатқан шағын өнеркәсіптік аймақта әлеуетті резиденттердің жобаларын іске асыру үшін инженерлік-инфрақұрылымдық қуаттар туралы ақпарат дайындау;

26) өңірдегі өндірістік үй-жайлардың нарықтық құнына салыстырмалы талдау жүргізу;

27) өңірдегі өндірістік үй-жайлардың ағымдағы жағдайы, оның ішінде олардың болуы, толтырылуы және бос алаңдары туралы ақпарат дайындау;

28) бизнесті дамыту аймақтарына, оның ішінде индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтарға, көлік-логистикалық орталықтарға, хабтарға және «құрғақ порттарға» қатысушылардың инфрақұрылымды пайдалануына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

29) бизнесті дамытуға арналған цифрлық сервистердің жұмыс істеуі үшін инфрақұрылымды құруды және дамытуды қамтамасыз ету;

30) құзыреті шегінде құжат айналымын жүргізу, оның ішінде мемлекеттік органдардың өтініштерін, ұсыныстарын, сұрау салулары мен тапсырмаларын қарау;

31) индустриялық аймақтардың/Қоғам жобаларының объектілері мен қатысушылары бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну мен шығындарға мониторинг жүргізу, осы шығыстарды оңтайландыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

32) Қоғамның комиссияларды, комитеттерді, жұмыс топтарын қоса алғанда, ішкі уақытша алқалы құрылымдарының жұмысына қатысу;

33) активтердің өрт және күзет қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған мониторинг жүргізу.

3. Филиалдың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

19. Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады.

20. Филиалдың Қоғамның меншігі болып табылатын мүлкі болады, оған өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қана қолданылуы мүмкін.

21. Филиал мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

22. Филиал келтірілген залал үшін Қоғам алдында материалдық жауаптылықта болады.

23. Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен, жеке тұлғалармен қатынастарда Қоғамның мүдделерін білдіруге;

2) Қоғамның атынан азаматтық-құқықтық мәмілелерді (шарттарды, келісімшарттарды) жасасуға, сотта талап қоюшы және жауапкер ретінде әрекет етуге;

3) Қазақстан Республикасының аумағында заңды және жеке тұлғалармен хат алмасуды жүргізуге және байланыс орнатуға;

4) Қоғамды ағымдағы қызмет туралы хабардар етуге;

5) осы Ережеге және Қоғамның тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

24. Қоғам Филиалдың қызметі үшін, оның ішінде Филиал Қоғамның атынан қабылдаған міндеттемелер үшін толық жауапты болады.

25. Филиал директоры Қоғам берген сенімхат бойынша жасалатын мәмілелер үшін Қоғам алдында жауапты болады.

4. Филиалды басқару

26. Филиал қызметіне жалпы басшылықты Қоғам жүзеге асырады.

27. Қоғамның Филиалды басқару жөніндегі құзыретіне мыналар жатады:

1) оның қызметінің негізгі бағыттарын айқындау, жоспарларды және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;

2) штат кестесіне сәйкес Филиал директоры мен қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату, оларға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жазалар қолдану;

3) Филиал директоры мен қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекіту;

4) Филиал қызметкерлерінің штат кестесі мен лауазымдық айлық ақыларын бекіту;

5) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Филиал директоры мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді, сыйақы беруді және бонустар төлеуді жүзеге асыру;

6) Филиал қызметіне қатысты бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу;

7) Филиалды материалдық қаражатпен қамтамасыз етудің мөлшерін, нысанын және тәртібін белгілеу.

28. Филиалдың ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғам Жарғысының және осы Ереженің мақсаттары мен міндеттеріне қатаң сәйкестікте сенімхат негізінде әрекет ететін Филиал директоры жүзеге асырады.

29. Филиал директоры Қоғам Басқармасына есеп береді, Филиалдың қызметі үшін оның алдында жауапты болады, осы Ережеде және Қоғамның өзге де шешімдерінде айқындалған өкілеттіктер шегінде Қоғамның атынан және оның мүддесінде сенімхат бойынша әрекет етеді.

30. Филиал директорының өкілеттіктері:

1) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге және Қоғамның Филиал алдына қойған міндеттерін орындауға бағытталған шешімдер қабылдайды;

2) Филиалға бекітілген мүлікті басқарады, активтердің сақталуын және тиімді басқарылуын қамтамасыз етеді;

3) өз өкілеттіктері шегінде Филиал қызметінің барлық мәселелері бойынша Филиалдың барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) мәмілелерден туындайтын Қоғам мен Филиалдың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) үшінші тұлғалармен келіссөздер жүргізеді, Қоғам мен Филиалдың атынан және мүддесінде шарттар жасасады, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайды;

6) шығыс құжаттарға, өтініштерге, өтінішхаттарға және өзге де құжаттарға қол қояды;

7) сот органдарында, мемлекеттік және өзге де ұйымдарда Филиалдың мүдделерін білдіреді;

8) Қоғамның басқару органдарының шешімдеріне сәйкес өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

31. Филиал директоры Қоғам мүлкін Қоғамның Жарғысына және Қоғамның басқару органдарының шешімдеріне қайшы келетін түрде, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауға және оның осылай пайдаланылуына жол бермеуге міндетті.

32. Филиал директоры мен қызметкерлері Қоғам мен Филиал қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы еңбек қатынастары тоқтатылған кезден бастап үш жыл бойы сақтауға міндетті.

33. Филиал директоры мен қызметкерлеріне Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтар, міндеттер мен шектеулер қолданылады.

34. Филиал директоры мен қызметкерлері Қоғамның барлық ішкі нормативтік құжаттарымен танысуға және оларды сақтауға міндетті.

5. Филиалдың мүлкі

35. Филиал өзіне бекітілген мүлікке меншік құқығына ие болмайды. Филиалға бекітілген барлық мүлік, сондай-ақ оның қызметі барысында сатып алынған мүлік Қоғамның меншігі болып табылады.

36. Филиал өзіне бекітілген мүлікті Қоғамның атынан осы Ережеде көзделген мақсаттар мен міндеттерге және Филиал басшысына берілген сенімхатқа сәйкес иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді.

6. Филиалдың есебі мен есептілігі

37. Филиалдың дербес балансы болмайды. Филиалдың барлық шаруашылық операциялары Қоғамның балансында көрсетіледі.

38. Филиал дербес бөлек бухгалтерлік есеп жүргізбейді. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік және салықтық есебін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның есеп саясатына сәйкес жүргізеді.

39. Филиал жеке қаржылық есептілік жасамайды. Филиал қызметі туралы барлық деректер Қоғамның жалпы қаржылық есептілігіне енгізіледі.

40. Филиал бастапқы есепке алу құжаттарын уактылы ресімдеуге және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімдерді сақтай отырып, бухгалтерлік есепте көрсету үшін оларды Қоғамға беруге міндетті.

41. Филиал салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді дербес төлеуші болып табылмайды. Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу бойынша салық міндеттемелерін Қоғам Қоғамның Салықтық есеп саясатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындайды.

7. Филиал қызметін тоқтату

42. Филиалдың қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің Филиалды жабу туралы шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

8. Қорытынды ережелер

43. Осы Ережеге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі, жазбаша түрде ресімделеді, уәкілетті тұлғалар қол қояды және есептік тіркеу немесе қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына ұсынылады және осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады.

44. Осы Ережемен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

9. Күшіне енуі

45. Осы Ереже Қазақстан Республикасының әділет органдарында есептік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

46. Осы Ереже мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды, олардың әрқайсысының заңдық күші бірдей.

Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша,
сенімхат негізінде

«Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік
корпорациясы» акционерлік
қоғамының «Активтерді басқарушы
компаниясы» филиалының директоры



Мандиев Ержан Оразбекович

Утверждено решением
Совета директоров
АО «Социально-предпринимательская
корпорация «Ертiс»
№ 21 от «3» августа 2026 г.

ПОЛОЖЕНИЕ

о филиале акционерного общества «Социально-предпринимательская
корпорация «Ертiс» - «Управляющая компания активами»

город Усть-Каменогорск, 2026 год

1. Общие положения и юридический статус

1. Филиал акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Ертіс» – «Управляющая компания активами» (далее – Филиал) является обособленным подразделением акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Ертіс» (далее – Общество), расположенным вне места его нахождения, не имеющим статуса юридического лица, ответственным за управление активами и осуществляющим часть функций Общества, действующим от имени и в интересах Общества на основании настоящего Положения.

2. Настоящее Положение Филиала разработано в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет его наименование, местонахождение, полномочия и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

3. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке – «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке – Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Ертіс».

4. Место нахождения Общества: Республика Казахстан, 070000, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, улица Казахстан, 59/1.

5. Данные о государственной регистрации Общества: Общество зарегистрировано Департаментом юстиции Восточно-Казахстанской области 16 июня 2011 года, свидетельство о государственной регистрации юридического лица № 22343-1917 – АО, БИН 110640012780, справка о государственной перерегистрации юридического лица от 25 августа 2018 года.

6. Основными видами деятельности Общества являются:

- 1) реализация инвестиционных и инновационных проектов, в том числе на основе государственно-частного партнерства, концессии и кластерной инициативы (код ОКЭД 84.13.0);
- 2) создание эффективной системы управления государственными активами (код ОКЭД 84.13.0);
- 3) реализация механизмов стабилизации цен на социально значимые продовольственные товары (код ОКЭД 84.13.0);
- 4) прочие виды кредитования, не включенные в другие группировки:
 - кредитование на инвестиционные цели сельхозтоваропроизводителей и предприятий по переработке сельскохозяйственной продукции и пищевой промышленности на пополнение оборотных средств и переработку (без указания подотрасли) (ОКЭД 64.92.9);
 - 5) деятельность холдинговых компаний (код ОКЭД 64.20.0);
 - 6) консультирование по вопросам коммерческой деятельности и управления (код ОКЭД 70.22.1).

7. Полное наименование Филиала:

1) на государственном языке – «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының «Активтерді басқарушы компаниясы» филиалы;

2) на русском языке – филиал акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Ертіс» – «Управляющая компания активами».

8. Место нахождения Филиала: Республика Казахстан, 070509, Восточно-Казахстанская область, Глубоковский район, Фрунзенский сельский округ, село Винное, учетный квартал 086, строение 5.

9. Основными видами деятельности Филиала являются:

1) реализация инвестиционных и инновационных проектов, в том числе на основе государственно-частного партнерства, концессии и кластерной инициативы (код ОКЭД 84.13.0);

2) создание эффективной системы управления государственными активами (код ОКЭД 84.13.0);

3) консультирование по вопросам коммерческой деятельности и управления (код ОКЭД 70.22.1).

10. Виды деятельности, требующие наличия лицензии или иного вида разрешения, которое необходимо получить в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, осуществляются Филиалом лишь после получения Обществом соответствующих лицензий или иных видов разрешений.

11. Филиал руководствуется в своей деятельности Конституцией, законодательством Республики Казахстан, Уставом Общества и настоящим Положением.

12. Филиал совершает сделки и иные правовые действия от имени Общества. Филиал не открывает отдельные банковские счета.

13. Филиал имеет печать со своим наименованием и наименованием Общества, фирменные бланки с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках.

14. Руководитель Филиала назначается Председателем Правления Общества с соблюдением порядка приема на работу, установленного внутренними нормативными документами Общества, и действует на основании доверенности, выданной Обществом.

15. Срок деятельности Филиала не ограничен.

2. Цель, задачи, функции

16. Основной целью деятельности Филиала является обеспечение эффективного управления активами Общества с целью увеличения их стоимости, повышения доходности и снижения рисков.

17. Основными задачами Филиала являются:

1) формирование и реализация политики управления активами Общества;

2) формирование активов и структуры капитала как за счет собственных средств, так и в рамках реализации государственных программ, с оценкой экономической целесообразности и влияния на результаты Общества;

3) обеспечение эффективного управления активами Общества, дочерних и зависимых организаций, направленного на получение прибыли и минимизацию издержек и потерь, в том числе при их приобретении, эксплуатации, развитии и отчуждении (продаже);

4) учет, анализ и оптимизация структуры активов Общества;

5) контроль эффективности использования имущественных и финансовых активов;

6) разработка предложений по реструктуризации, реализации, приватизации и ликвидации активов;

7) подготовка аналитических материалов и отчетности по вопросам управления активами;

8) содействие привлечению и реализации инвестиционных проектов путем создания и функционирования инфраструктуры зон развития бизнеса, в том числе специальных экономических, промышленных и малых промышленных зон;

9) обеспечение мониторинга рыночной стоимости активов.

18. Филиал осуществляет следующие функции:

1) осуществление анализа экономической эффективности владения, использования и распоряжения активами;

2) разработка предложений по повышению эффективности использования активов с учетом ожидаемой доходности, срока окупаемости и влияния на расходы и риски (убытки, простаивание активов и т. п.);

3) организация независимой оценки рыночной стоимости активов (недвижимого имущества, оборудования, долей, акций и пр.);

4) участие в подготовке и реализации сделок по продаже, передаче во временное пользование и иным видам распоряжения активами;

5) мониторинг и контроль за целевым и эффективным использованием активов, включая выявление неиспользуемых, низкодоходных или убыточных активов, подготовку предложений по их оптимизации, сдаче в аренду, продаже или иному вовлечению в оборот;

6) контроль исполнения договорных обязательств контрагентов в части использования активов Общества;

7) разработка предложений по управлению неликвидными, избыточными, неиспользуемыми и неспрофильными активами;

8) управление и мониторинг активов в соответствии с показателями финансово-экономического обоснования;

9) подготовка аналитических отчетов, прогнозов, предложений и справок по управлению активами;

10) проведение мониторинга исполнения совместными предприятиями контрактов на недропользование и рабочих программ;

11) анализ экономической эффективности операций по приобретению, управлению и отчуждению активов, подготовка предложений по повышению доходности и снижению затрат на содержание активов (коммунальные платежи, эксплуатационные расходы и др.);

12) обеспечение реализации мероприятий по приватизации активов Общества;

- 13) создание и обеспечение функционирования зон развития бизнеса, в том числе специальных экономических, индустриальных и малых промышленных зон, транспортно-логистических центров, хабов и «сухих портов»;
- 14) рассмотрение заявления о создании малой промышленной зоны на предмет полноты и достоверности представленных документов и проведение анализа целесообразности создания заявляемой малой промышленной зоны;
- 15) осуществление взаимодействия с государственными органами по вопросам функционирования специальных экономических, индустриальных и малых промышленных зон;
- 16) предоставление земельных участков и объектов инфраструктуры во временное пользование участникам индустриальной зоны;
- 17) заключение и расторжение договоров об осуществлении деятельности;
- 18) представление уполномоченному органу и единому координационному центру отчетности о результатах деятельности индустриальных зон в порядке, определяемом уполномоченным органом, на основании ежеквартальных отчетов участников индустриальных зон;
- 19) организация места приема для функционирования Государственной корпорации «Правительство для граждан» по принципу «одного окна» и иных организаций, предоставляющих услуги участникам индустриальных зон;
- 20) мониторинг выполнения условий договоров об осуществлении деятельности;
- 21) проведение мероприятий по развитию и продвижению индустриальных зон;
- 22) обеспечение информационного сопровождения потенциальных участников индустриальных зон, заявителей, участников индустриальных зон, в том числе организация встреч потенциальных участников индустриальных зон, заявителей, участников индустриальных зон с представителями государственных органов, объединений субъектов частного предпринимательства;
- 23) осуществление работ по благоустройству и содержанию территории индустриальной зоны;
- 24) составление сегментированных схем расположения потенциальных резидентов в зависимости от отраслевого направления в обрабатывающей промышленности в малой промышленной зоне;
- 25) подготовка информации об инженерно-инфраструктурных мощностях для реализации проектов потенциальными резидентами в создаваемой малой промышленной зоне;
- 26) проведение сравнительного анализа рыночной стоимости производственных помещений в регионе;
- 27) подготовка информации о текущей ситуации с производственными помещениями в регионе, в том числе об их наличии, заполняемости и свободных площадях;
- 28) обеспечение мониторинга использования инфраструктуры участниками зон развития бизнеса, в том числе индустриальных и малых промышленных зон, транспортно-логистических центров, хабов и «сухих портов»;

29) обеспечение создания и развития инфраструктуры для функционирования цифровых сервисов развития бизнеса;

30) ведение документооборота в пределах компетенции, включая рассмотрение обращений, предложений, запросов и поручений государственных органов;

31) осуществление мониторинга потребления коммунальных услуг и затрат по объектам и участникам промышленных зон/проектов Общества, подготовка предложений по оптимизации этих расходов;

32) участие во внутренних коллегиальных временных формированиях Общества, включая комиссии, комитеты, рабочие группы;

33) обеспечение и мониторинг пожарной и охранной безопасности активов.

3. Права, обязанности и ответственность Филиала

19. Филиал пользуется всеми правами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

20. Филиал имеет имущество, являющееся собственностью Общества, на которое может быть обращено взыскание только в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

21. Филиал не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам.

22. Филиал несет материальную ответственность перед Обществом за нанесенный ущерб.

23. Филиал имеет право в соответствии с законодательством Республики Казахстан:

1) представлять интересы Общества в отношениях с государственными органами и иными организациями, физическими лицами;

2) от имени Общества заключать гражданско-правовые сделки (договоры, контракты), выступать истцом и ответчиком в суде;

3) вести переписку и поддерживать связь с юридическими и физическими лицами на территории Республики Казахстан;

4) информировать Общество о текущей деятельности;

5) осуществлять иные полномочия в соответствии с настоящим Положением и поручениями Общества.

24. Общество несет полную ответственность за деятельность Филиала, включая те обязательства, которые были приняты Филиалом от имени Общества.

25. Директор Филиала несет ответственность перед Обществом по сделкам, заключаемым по доверенности, выданной Обществом.

4. Управление Филиалом

26. Общее управление деятельностью Филиала осуществляет Общество.

27. В компетенцию Общества по управлению Филиалом входит:

1) определение основных направлений его деятельности, утверждение планов и отчетов об их выполнении;

2) прием, перемещение и увольнение Директора и работников Филиала в соответствии со штатным расписанием, применение к ним мер поощрения и наложение на них взысканий в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан;

3) утверждение должностных обязанностей Директора и работников Филиала;

4) утверждение штатного расписания и должностных окладов работников Филиала;

5) осуществление оплаты труда, премирования и выплаты бонусов Директору и работникам Филиала в соответствии с внутренними документами Общества;

6) ведение бухгалтерского учета и отчетности, исчисление и уплата налогов и других обязательных платежей в бюджет в отношении деятельности Филиала;

7) установление размера, формы и порядка наделения Филиала материальными средствами.

28. Руководство текущей деятельностью Филиала осуществляет директор Филиала, действующий на основании доверенности в строгом соответствии с целями и задачами Устава Общества и настоящего Положения.

29. Директор Филиала подотчетен Правлению Общества, несет перед ним ответственность за деятельность Филиала, действует по доверенности от имени и в интересах Общества в пределах полномочий, определяемых настоящим Положением и другими решениями Общества.

30. Полномочия Директора Филиала:

1) принимает решения, направленные на достижение целей Общества, выполнение задач, поставленных Обществом перед Филиалом;

2) управляет закрепленным за Филиалом имуществом, обеспечивает сохранность и эффективное управление активами;

3) в пределах полномочий дает указания по всем вопросам деятельности Филиала, обязательные для всех работников Филиала;

4) обеспечивает соблюдение прав и законных интересов Общества и Филиала, возникающих из сделок;

5) проводит переговоры с третьими лицами, от имени и в интересах Общества и Филиала заключает договоры, совершает гражданско-правовые сделки;

6) подписывает исходящие документы, заявления, обращения и иные документы;

7) представляет интересы Филиала в государственных, судебных органах и иных организациях;

8) совершает иные действия в соответствии с решениями органов управления Общества.

31. Директор Филиала не должен использовать имущество Общества или допускать его использование в противоречии с Уставом Общества и решениями органов управления Общества, а также в личных целях.

32. Директор и работники Филиала обязаны соблюдать конфиденциальность информации о деятельности Общества и Филиала, в том числе в течение трех лет с момента прекращения работы в Обществе.

33. На Директора и работников Филиала распространяются все права, обязанности и ограничения, предусмотренные внутренними нормативными документами Общества и законодательством Республики Казахстан.

34. Директор и работники Филиала обязаны ознакомиться со всеми внутренними нормативными документами Общества и соблюдать их.

5. Имущество Филиала

35. Филиал не обладает правом собственности на закрепленное за ним имущество. Все имущество, закрепленное за Филиалом, а также имущество, приобретенное в процессе его деятельности, является собственностью Общества.

36. Филиал владеет, пользуется и распоряжается закрепленным за ним имуществом от имени Общества в соответствии с целями и задачами, предусмотренными настоящим Положением и доверенностью, выданной руководителю Филиала.

6. Учет и отчетность Филиала

37. Филиал не имеет самостоятельного баланса. Все хозяйственные операции Филиала отражаются на балансе Общества.

38. Филиал не ведет обособленный самостоятельный бухгалтерский учет. Бухгалтерский и налоговый учет финансово-хозяйственной деятельности Филиала осуществляется Обществом в соответствии с учетной политикой Общества и законодательством Республики Казахстан.

39. Филиал не составляет отдельную финансовую отчетность. Все данные о деятельности Филиала включаются в общую финансовую отчетность Общества.

40. Филиал обязан своевременно оформлять первичные учетные документы и передавать их в Общество для отражения в бухгалтерском учете, соблюдая сроки, установленные внутренними нормативными документами Общества.

41. Филиал не является самостоятельным плательщиком налогов и платежей в бюджет. Исполнение налоговых обязательств по исчислению и уплате налогов и других обязательных платежей в бюджет производится Обществом в соответствии с Налоговой учетной политикой Общества и законодательством Республики Казахстан.

7. Прекращение деятельности Филиала

42. Деятельность Филиала прекращается решением Совета директоров Общества о закрытии Филиала, а также в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан.

8. Заключительные положения

43. Все изменения и дополнения к настоящему Положению утверждаются Советом директоров Общества, оформляются письменно, подписываются уполномоченными лицами и представляются в соответствующие государственные органы Республики Казахстан для учетной регистрации или перерегистрации и являются неотъемлемой частью настоящего Положения.

44. Во всем, что не урегулировано настоящим Положением, Филиал руководствуется законодательством Республики Казахстан.

9. Вступление в силу

45. Настоящее Положение вступает в силу с момента его учетной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан.

46. Настоящее Положение составлено в трех экземплярах на государственном и русском языках, каждый из которых имеет одинаковую юридическую силу.

От имени и по поручению Общества, на основании доверенности

Директор


(фамилия, имя, отчество прописью)

Мандиев Ержан Оразбекович